

КУДАЙҒА ШҮКІР, қыла мойнымызға бұғау боп түскен боландық заманнан, қасан идеологиялық қапастан құтылғанымызға да бірнеше жылдың жүзі болыпты. Тарихи тұрғыдан алғанда «ақ гүенін қарны жарылған» бұл кезең ұланғайыр ұлағаттарға толы десек қателеспейміз. Егемен ел атанып, еңсемізді көтере бастаған осы жылдардың басты қуанышы — Алданы ауызға алып, аруақтарға бас игеніміз, барлығымызды бағалап, жоғымызды түгендеп жатқанымыз. Халқымыздың біртуар аяулы ұлдары, қаңқулы сталиндік қуғын-сүргін құрбандары — Шәкәрім Құдайбердіұлының, Аліхан Гәкейханұлының, Ахмет Байтұрсынұлының, Мағжан Жұмабайұлының және басқалардың жаңкешті қызмегін, құнды еңбектерін, үлгілі өнеге-өнерлерін қайта жақсарту — соның басты айғағы. Еліміз деп, халқым деп, оның жарқын болашағы үшін, мәдениеті, әдебиеті, ғылымы үшін бар талант жігерін сарп еткен осынау кеменгер жандардың келелі істері тұрасында, араға жарты ғасырдан астам уақыт салып, ақжарма ақиқатты енді жарыққа шығара бастады.

Міне, осындай кезінде жазықсыз жапа шегіп, елі үшін еткен ересен еңбегі ескерусіз қалған, тарихтағы өз орнын ала алмаған ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы көрікті қазак зиялыларының бірі — Телжан Шонанов. Ол өз заманындағы аса маңызды да өзекті бағыт — ғылым-білім, оқу-ағарту, әдебиет пен тіл майданында құнарлы еңбек етіп, өрелі істердің көп бастаушысы болған елдің, есілазаматтары қатарындағы жан.

Т. Шонанов Ырғыз топырағында дүниеге келген. Бала кезінде ауыл молдасынан жазу-сызу үйренген талапты жас, он сегіз жасында Ырғыздағы екі кластық орыс-қазақ училищесін бітіріп, онан кейін Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер институтында оқиды. 1915 жылдан ұстаздық қызметін бастайды. Міне, осындай жылдары ақ Телжан Шонанов қазақ балаларына білім беру мәселелері бойынша өзінің зерттеулерін, түйінді пікірлерін «Қазақ» газетінің бетіне жариялай бастаған. «Игілік» атты жастар комитетінің жұмысына қатысып, ағартушылық міндетін атқарған.



«Жаңа арнада» (алғашқы жылғы оқу құралы), «Жаңалықта» колхоз мектептері үшін өліппе оқу материалдары түсінікті болу үшін балаларға таныс мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, мысалдарды пайдалана отырып, оқушының білімге, оқып-үйренуге деген қызығушылығын арттыру мақсатында шағын өңгімелер жазған. Онда балалардың жасына, танымына қарай оқу-білімге, еңбекке баулитын, адамгершілікке жетелейтін тағылымдық ұғымдар қамтылған.

Т. Шонанов білім беру, сауат

поғ-ғалым сол дәуірдегі қазақтың белгілі тілші-әдебиетшілерімен тығыз байланыста болып, олармен бірлесе отырып та ағартушылық бағытында келелі жұмыстар жүргізген. Мәселен, көрнекті ғалым аға А. Байтұрсынұвпен бірге 1926 жылы үлкен хрестоматиялық «Оқу құралы» дайындап шыққан. Ахаттың ана тілін мектептерде оқытуға арналған «Өліппе астары», «Баяншы», «Нұсқаушы» деген тәрізді әдістемелік шығармаларына көмекші ретінде өз еңбектерін «Жаңалыққа жетекші», «Диаграмдар — график-

Т. Шонановтың ұрпаққа тәрбие-білім беру, ана тілін оқыту мәселелерімен қатар жалпы қоғамға, туған еліне, жеріне қатысты өзекті жәйттерге терең түсінушілікпен, жанашырлықпен және көрегендікпен қарап, орын алған жағдаятты орынды бағалап, бағамай алған. Мұны біз 1926 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты ғылыми-зерттеу кітабынан айқын байқауымызға болады. Онда тарихи мәселелерді ғалым жан-жақты сараптай отырып қазақтардың көшіп-қону, отырықшылық, жер бөлу тәрізді өткір тірлігін өңгіме етеді. Еңбектің өзге бір құнды тұсы сол — отаршылдық саясат тұрасында, қазақ жерінде келіссөздердің пайда болуынан бастап ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарына дейінгі кезеңдегі саяси-тарихи жағдайлар хақында нақты да батыл деректер келтіреді, сын айтады. Әсіресе, патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты кітапта атық өпкерленеді. Мұны зерттеуші: «Қазақ жерін көп ғалаған, қазақ шаруасына көп кесірі тиген ресми отарлау» деп тұжырымдайды.

Иә, сөйтіп біз Телжанды ғылым мен оқу-ағарту ісінде тарих мәселесінде сол кезеңдегі қазақ зиялыларының көрнекті өкілі ретінде танысақ, ендігі бір оның таланты әдебиеттану мен аудармашы хақында жарқын көрініс тапқан. Бұған да айғақ боларлық Т. Шонановтың көптеген еңбектері баршылық. Олардың ішінде «Сөкенің тілі», «Евгений Онегиннің аудармасы», «Абай кітабын бастыру керек», «Халық ауыз әдебиеті» тәрізді әдебиет сынына, аудармаға және жалпы көркем сөз мәселелеріне қатысты зерттеу мақалалары айрықша бөліп айтарлықтай. Мәселен, «Сөкенің тілінде» зерттеуші: «Әдебиет тілін толық зерттеп жеткеніміз жоқ. Әдебиет тілін толық зерттеді деу үшін бұрынғы жазу мұраларының тілін, фольклор тілін, жеке адамдарымыздың тілін зерттеуіміз керек. Мұның үстіне халықтың ауыз әдебиет тілі, диалектілеріміз, әдебиет тілі араларындағы бір-біріне өткен, өтіп келе жатқан айқын-ұйқыш әсерін зерттеп ашуымыз керек» деп шын мәнінде орасан зор бай мұрамыз «ашылмаған» ақиқаттар тұрғысында өзін де, өзгелерді де ізденіс жүргізуге міндеттегендей.

Бұдан ары, Т. Шонанов «Сөкенің тілі» жалпы поэзиясын, тақырып аясын білгір әдебиеттанушы ретінде талдап, сараптап шыққан. «Басқа ақындардан гөрі Сөкен тілінде (Лияс екеуінде) көзге түсетін бір ерекшелік — халық өлебі тілінің құнарлы бұлағынан толық пайдалана білушілік. Халық өлебіетін — ертегі, мақал, жыр, өлең, айтыс, мәтел, жұмбақ, жоқтау, беташар, тойбастар, кисса, жар-жар, билер сөзі, малшылар өлеңі, тағы-тағыларды шындында Сөкеннен артық білетін жазушыларымыз да, оқымыстымыз да жоқ деуге болады» — деп тұжырымдауы немесе: «...Халық өлебіетінің нуынан алған сөздеріне Сөкен жаңа қызмет, жаңа мән, жаңа ажар береді... Сөкен темаға, түрге, шығармасының мазмұнына, өлебиет мұрасына қандай бай ақын болса, тілі де сондай бай, сондай оралымды, сондай құнарлы ақын. Сөкен тіл жағына шұғылдан қарайды... Сөкен аз сөзбен үлкен сурет түсіреді...» — деп түйін туюі көрегендікпен, білгірлікпен айтылған пікірлер екенінде дау жоқ болса керек.

Т. Шонановтың аудармашылық өнерін біз оның А. Богдановтың «Курс политэкономии» атты кітабын («Тұрмыс жүйесі ғылымының қысқаша курсы», 1924.), Н. Крупскаяның «Ауыл арасында саяси ағарту жұмысы» (1925), Коминскийдің «Ауылдағы кооперация туралы» (1924), «Маркстің тіл білімінің негіздері» (1933) кітаптарын және Д. Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» жинағындағы (1934) өлеңдерін тәржімәлауынан байқаймыз.

Осындама мол мұраны қысқа уақыттың ішінде артында қалдырған педагог-ағартушы, әдебиетші, тарихшы, қоғам қайраткері Телжан Шонанов 1937 жылы саяси репрессия құрбаны болды. Оның бір кездегі «Алаш» партиясына қызмет еткенін сылтау етіп, солақай саясаткерлер халықтың абзал ұлын шейіт етті.

Үстіміздегі жылдың желтоқсанында Телжан Шонановтың туғанына 100 жыл толады. Ендігі жерде бүгінгі ұрпақ осынау қазақ ғылымы мен мәдениетіндегі дара тұлғалардың бірі Т. Шонановтың еңбектерін, қызметін және өмірбаянын тереңірек зерттеп, оларды пайтаға жаратып, сөйтіп біртуар азаматтың тарихтағы өз орнын айқындауға атсалысса нұр үстіне нұр болар еді.

С. БАЙМҰРАТОВА,
Б. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім проблемалары институты «Педагогика тарихы» лабораториясының ғылыми қызметкері.

● Зерде ●

ХАЛЫҚ

ҚАМҚОРЫ

1919 жылдан бастап «Алаш Орда» партиясының мүшесі болып, онда халыққа білім беру мәселелерімен шұғылданатын комиссияда жұмыс істейді. Кемел талантты, ізденімпаз жанның сол шақтарда-ақ заманның алға қойған зәру мәселесі — көпшілік жұртқа білім беру, мәдениет, ғылым саласын өркендету, жаңадан ашылып жатқан мектептерге арнап оқулықтар, әдістемелік еңбектер, бағдарламалар жазу ісіне ден қойғаны оның өмірінен, іс-әрекетінен айқын байқалып, 1922 жылдан өмірінің соңғы кезі 1937 жылдарға дейін Т. Шонанов тіл саласын зерттеуші ғалым, әдебиетші, педагог, әдіскер, тарихшы, аудармашы ретінде 100-ден астам еңбектер жазды. Олардың басым көпшілігі оқу-ағарту ісі, бастауыш мектептерге арналған, жалпы тіл мәселесі тұрасында жазылған еңбектер. «Тіл болмаса халық біріншіден өзінің ұлттық бейнесін жоғалтады, екіншіден мәдени құлдырауға ұшырайды» — деп жазды ғалым. Қазақ тілін сақтап, балалардың сауатын ана тілінде ашу керектігін, алғашқы үш жылда оларды ана тілінде оқыту қажеттігін ғылыми еңбектерінде де, іс жүзінде де дәлелдеген.

Бастауыш мектептерге арналған оқулықтары «Өліппеде», ашу мақсатында тек бастауыш мектептерге арнап оқулықтар, аліппелер, ғылыми зерттеулер жазып қойған жоқ, сонымен қатар ересектерге, қазақ тілін үйренуші өзге ұлт өкілдеріне арнап көптеген оқу құралдарын, зерттеу еңбектерін жарыққа шығарды. Оның ішінде «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «Самоучитель киргизского языка или русского», «Орыстар үшін қазақша өліппе», «Қазақ тілінің оқу құралы», «Учебник казахского языка для взрослых» деген еңбектері күні бүгінге дейін өзінің мәнін, маңызын жоғалтпаған, зерттеп, көкемізге жаратарлық дүниелер. Бұл туралы Телжан Шонановтың қызметі, өмірбаяны жайында Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ш. Сарыбаевтың 1991 жылдың 4-шілдесінде «Ана тілі» газетіне шыққан мақаласында, сондай-ақ үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінде «Халық кеңесі» газетінде Ә. Төкенов пен Б. Байғалиевтің мақалаларында жақсы айтылған.

Міне, осындай бағалы шығармашылық қызметінде педагог-ғалым сол дәуірдегі қазақтың белгілі тілші-әдебиетшілерімен тығыз байланыста болып, олармен бірлесе отырып та ағартушылық бағытында келелі жұмыстар жүргізген. Мәселен, көрнекті ғалым аға А. Байтұрсынұвпен бірге 1926 жылы үлкен хрестоматиялық «Оқу құралы» дайындап шыққан. Ахаттың ана тілін мектептерде оқытуға арналған «Өліппе астары», «Баяншы», «Нұсқаушы» деген тәрізді әдістемелік шығармаларына көмекші ретінде өз еңбектерін «Жаңалыққа жетекші», «Диаграмдар — график-

Міне, осындай бағалы шығармашылық қызметінде педа-